

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
Қызылорда облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің
қызметіне жүргізілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелері бойынша

14 мамыр 2024 жыл

Қызылорда қаласы

I. Кіріспе бөлімі

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мәні: ішкі талдау жүргізу;
2. Ишкі талдау объектісінің атауы (Т.А.Ә., лауазымы, электронды почта мекен-жайы және телефоны) Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі – Департамент) құрылымдық бөлімшелері;
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген кезеңі: басталды 13.03.2024 жыл, аяқталды 25.05.2024 жылы.
4. Қадағаланған кезең: 31.03.2023-12.03.2024 жыл аралығы.
5. Талдау анықтамасының құрылымы.

Жұмыс тобының жетекшісі: Департамент басшысының орынбасары – Қ.Бекшин, жұмысшы тобының мүшелері: «Қызылорда - КРО» кеден бекетінің басшысы – М.Абыдикалов, Заң басқармасының басшысы – Н.Шакизада, Адам ресурстары басқармасының басшысы – Д.Айбусинов, Аудит басқармасының басшысы – А.Елеманов, Кедендік бақылау басқармасының басшысы – Қ.Айтбаев, Талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы – Г.Темирова, Ұйымдастыру-қаржы басқармасының басшысы – Л.Джумабаева, Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы – А.Цой, Камералдық мониторинг басқармасының басшысы – Г.Исаева, Қорсетілетін мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы – М.Искакова, Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы – К.Стамбекова, Берешекпен жұмыс басқармасының басшысы – А.Абдуманова, Түсіндіру жұмыстары және байланыс-орталығы басқармасының басшысы – Г.Қарымсақова, Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы – Г.Шортанбаева, ЕАЭО шеңберінде ҚКС әкімшілендіру басқармасының басшысы – К.Дурменбаев, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы – Ертанова Гульмира Рыспаевна.

II. СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

1. Персоналды басқару

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде персоналды басқару саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мұдделер қақтығысын реттеу

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде мұдделер қақтығысын реттеу саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде Рұқсат беру функцияларын іске асыру саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыйайлар жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Бақылау функцияларын іске асыру

Бақылау функцияларын іске асыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар тізілімін қалыптастыру кезіндегі әрекеттер бойынша сыйайлар жемқорлық тәуекелдері анықталды.

4.1 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағын 1,3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар тізілімін қалыптастыру кезіндегі уәкілетті органның әрекеттері бойынша сыйайлар жемқорлық тәуекелі.

Сыйайлар жемқорлық тәуекелінің сипаты:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышылар тізілімі:

- 1) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес акпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;
- 2) жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;
- 3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындаған не тиісті турде орындаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзы фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуши деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзы фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуши деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:

- 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;
- 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

5. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы орайда, мемлекеттік органның мемлекеттік сатып алуға жауапты маманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзы фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою үшін күнтізбелік отыз күнді қолдап есептейді. Яғни осы аралықта мемлекеттік сатып алуға жауапты маман өнім берушімен келісіп аталған күнтізбелік отыз күнді өткізіп сотқа жолдау арқылы, өнім берушіні жосықсыз қатысушы деп танудан құтқаруы мүмкін. Аталған мерзімдер сақталмай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген жағдай Сот органдарымен талап қою қаралмай кері қайтарылады.

Сондықтан, мемлекеттік сатып алуға жауапты маманның Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзы фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою үшін күнтізбелік отыз күнді қолдап есептеу барысында өнім берушімен өзара қарым-қатынастар орнатылып, заңсыз әрекеттер жасаудан тұратын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бар.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуден жалтаруы болдырмау үшін, «goszakup.gov.kz» сайтында «сотқа беру уақыты келді» белгісімен автоматты түрде хабарлама қалыптастыру.

4.2 Бақылау функцияларын іске асыру барысында салық салу режимі туралы хабарламаны электрондық нысанда ұсыну барысында салық төлеушінің бір салық режимінен екіншісіне ауысуы кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаты:

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы кодексінің» (бұдан әрі Салық кодексі) 679-бабындағы арнаулы салық режимін тандау және оны қолдануды тоқтату тәртібіне сәйкес қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны электрондық нысанда ұсыну барысында салық төлеушінің бір салық режимінен екіншісіне ауысуы туралы мәліметтер қосымшасындағы 2-бағанындағы «В» бөлігіне өткен кезеңдегі уақытты қою арқылы кері уақытпен салық салу режиміне ауысуы

Яғни, салық төлеушілердің салық салу мерзімінде айналым сомасының Салық кодексінің 82-бабына сәйкес ҚҚС төлеуші ретінде тіркеуге мөлшерлі сомадан асып кету жағдайлары барысында ҚР ӘКБтК-нің 275-бабында көрсетілген айыппұл сомасынан жалтару мақсатында өткен кезендегі күнтізбелі қою арқылы кері уақытпен салық салу режиміне ауысуы салық төлеушімен мемлекеттік кірістер органдарының тиісті бақылау жүргізетін маман арасында іскерлік емес қатынастардың орнауына әкеліп, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындарады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

- Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндепті төлемдер туралы кодексінің» 679-бабындағы арнаулы салық режимін таңдау және оны қолдануды тоқтату тәртібіне сәйкес қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны электрондық нысанда ұсыну барысында салық төлеушінің бір салық режимінен екіншісіне ауысуы туралы мәліметтер қосымшасындағы 2 бағанындағы В - бөлігіндегі өткен кезендегі уақытты қою арқылы кері уақытпен салық салу режиміне ауысуына салық төлеушінің кабинеті арқылы ақпараттық жүйеге өзгерістер енгізіп тосқауыл қою.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде мүдделер қактығысын реттеу саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмысшы тобының жетекшісі:

Кибекешин — К. Бекшин

Жұмысшы тобының құрамы:

- | | |
|----------------------|---------------|
| <i>М. Абылжанов</i> | M. Абылжанов |
| <i>Н. Шакизада</i> | Н. Шакизада |
| <i>Г. Ертанова</i> | Г. Ертанова |
| <i>Д. Айбусинов</i> | Д. Айбусинов |
| <i>А. Елеманов</i> | А. Елеманов |
| <i>К. Айтбаев</i> | К. Айтбаев |
| <i>Г. Темирова</i> | Г. Темирова |
| <i>Л. Джумабаева</i> | Л. Джумабаева |

А. Цой

Г. Исаева

М. Искакова

Т. Кожаназаров

А. Абдуманова

Г. Қарымсақова

Г. Шортанбаева

К. Дурменбаев